



QYZYLJARDA NE JAŃALYQ?

ЕНІМДІ БОЛАШАҚҚА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ.



БАСПАНАЛЫ БОЛЫП, БАҚЫТҚА БӨЛЕНДІ

Облыс орталығында ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылар мен көпбалалы аналарға пәтер кілттері табысталды. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов пен «Отбасы банк» АҚ-ның басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова қатысты.

Тұрғын үй кезегінде тұрған 32 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді. Тұрғындарды осындай қуанышты сәтіммен құттықтаған өңір басшысы бұл бастама халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты кадам

екенін атап өтті. — Азаматтарымызды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету — мемлекеттік саясаттың ең маңызды басымдықтарының бірі. Алдағы уақытта біз осы бағыттағы жұмысты

жүйелі түрде жалғастырамыз. Әсіресе әрбір отбасының өз баспанасына қол жеткізуіне жағдай жасау — біздің басты міндетіміз, — деді Ғауез Торсанұлы.

▶ 2

ГИПЕРҚАМҚОРЛЫҚ: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



▶ 5

▶ 8

TOSYN TABIĖAT



САЯЖАЙЛАРДЫ СУ БАСУЫ МҮМКІН

Есіл өзенінің деңгейі тағы көтерілді. Мамандардың айтуынша, бірер күнде арнасынан асып, тасуы мүмкін. Осыған байланысты «Қазгидромет» кәсіпорны ескерту жасады. Гидрологтар судың қауіпті деңгейге (940 см.-ге) жетуіне бірнеше сантиметр ғана қалғанын айтуда. Осы шекке жеткен жағдайда Петропавлдың маңындағы саяжай учаскелері және автожолдар су астында қалмақ.

Бүгінде облыстық төтенше жағдайлар және полиция департаменттері Есіл

өзені жайылмасындағы саяжайларды бақылауды күшейтті. Саяжай иелерімен алдын ала түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, учаскеден уақытша кету қажеттігі ескертілді. Мұндай шаралар төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жыл сайын жүзеге асырылады. Құтқарушылар мен полиция қызметкерлері күшейтілген жұмыс режиміне көшіп, бекеттерде тәулік бойы кезекшілік атқаруда.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
«Soltüstik Qazaqstan».

KERЕК DEREK

Елімізде наурыз айының қорытындысы бойынша алтыннан жасалған неке сақиналарының бағасы жылдық мәнде 45 пайызға қымбаттаған. Өңірлер бойынша ең арзан сақиналар Маңғыстау облысында. Онда алтын неке сақинасы 14,5 пайызға ғана қымбаттаған. Ал ең қымбаты Ұлытау облысында. Онда жас жұбайларға арналған сақиналардың бағасы 71 пайызға өскен.

TOLĖANDYRAR TAQYRYP

ҚАРЫЗҒА ӨМІР СҮРУ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙҒА АЙНАЛДЫ



Қарызға өмір сүру – бүгінгі қоғам үшін қалыпты жағдай. Бұрын үй, көлік аларда ғана кредит рәсімдесе, қазір азық-түлікті де қарызға алатындар бар. Себебі қоғамның қарызға өмір сүруге еті үйренді. Бұл – өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселе ғана емес, қаржылық сауатсыздықтың, табыстың төмендігінің және тұтынушылық сұраныстың артуының салдары. «Қарыз тұзағына» түспес үшін шығындарды оңтайландыру, бюджетті жоспарлау және қаржылық тәртіпті сақтау маңызды. Өкінішке қарай, бізде осы жағы кемшін.



▶ 5

▶ 8